

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөліміне) өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 29 маусым N 238

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда K941000 _ қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 жылғы 11 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) және "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 2 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 52-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Банкроттық - борышкердің соттың шешімімен танылған оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі.";

екінші бөліктегі "өзіне тиесілі мүлік есебінен" деген сөздер алып тасталсын;

2) 53-баптың 2-тармағындағы "не борышкердің өз банкроттығын несие берушілермен келісім негізінде соттан тыс тәртіппен ресми жариялауы арқылы" деген сөздер алып тасталсын;

3) 55-баптың атауы мен мәтініндегі "тарату ісін", "тарату ісі" деген сөздер "конкурстық істі", "конкурстық іс" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.
Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК